

Астықты ауыл жырлары

Қасым Аманжолов

1. Ай астында алтын тау

Ай астында алтын тау!
Әлде сырлы күмбез бе?
Жоқ еді ғой, япырмау,
Келгенімде бір кезде, —
Дедім де тез бұрылдым
Келе жатқан бетімнен;
Астымдағы бурылдың
Жарауы әбден жетілген.
Бір бел астым бұлдырап,
Құлағыма шалынды ән;
Күміс дауыс сыңғырап,
Түнгі гармонь шалқыған.
Сол бір әнді, сол күйді
Тыңдай бердім аялдап,
Астымда атым шұлғыйды,
Толқый басып, аяндап.
Гармонь үнін, қыз әнін
Қайтып, сірә, бұзамын,
Өзім де әнге қызамын,
Ай астымен сызамын...
Алтын тауда ән салған
Қызға жеттім, қол создым.
Алтын шыңын ай шалған
Астығы екен колхоздың.

Н. Ауыл сырты «Маржан көл»

— Ауыл сырты «Маржан көл»
«Маржан көлге» баралық, —
Деді жеңгей Маржангүл,
Қою шашын таранып.
Көлге құмар жандармыз,
Кете бардық біз саулап;
Шомылармыз, жалдармыз,
Қыйқу салып, құс аулап.
— Қайық барма, женеше,
Деп сұраймыз: — жок, дейді
— Айып барма, ендеше,
— Кеме бізде көп, дейді.
Келеді ертіп жеңгеміз,
Әзілінде сыр бар ма?..
Келіп жеттік көлге біз,
Көлге емес... Қырманға!
Қыймылдадық біздағы
Көлге Маржан толсын, деп,
«Маржан көлдің» қыздары
Бізге риза болсын, деп.
Талай әнге қосылып,
Қырман жырын жаттадық,
«Маржан көлден» жосылып-
Алтын дария жатты ағып.